

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 180 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 наурызда № 4147 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, Жаңаөзен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Жаңаөзен қалалық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Ы. Құлатай) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Жаңаөзен қаласы әкімдігінің интернет–ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары А. Нұрдаулетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М. Ибагаров

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 13 наурыздағы
№ 180 қаулысына қосымша

2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 23.07.2020 № 407 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы бір айдағы ата-ананың төлемақысының мөлшері (теңге)		
				Мектеп жанындағы	Дербес толық күндік	

№	Ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (қала, ауыл)	Балабақша (мемлекеттік)	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталық (мемлекеттік)	Дербес толық күндік шағын-орталық (жекеменшік)	Балабақша (мемлекеттік)		толық күндік шағын-орталық (мемлекеттік)	шағын-орталық (жекеменшік)
					3 жасқа дейін	3 жастан 7 жасқа дейін		
1	қала	29150	28455	29150	10434	12382	12382	12382
2	ауылдық жерлер	31810	-	31810	10434	12382	-	12382

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК